

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

эффективности и результативности деятельности министерства за период с 1 января 2020 года по 30 июня 2023 года. Ранее в Министерстве транспорта Республики Казахстан аудит, касающийся тех же вопросов, что и данный аудит, не проводился. В ходе аудита были использованы показатели эффективности и результативности для достижения поставленных целей и задач.

В ходе аудита выявлено, что в целом результаты деятельности Министерства транспорта Республики Казахстан были положительными, с учетом небольших нарушений, которые были выявлены.

Список использованных источников

1. <https://kz.kursiv.media/2019-04-22/kak-razvivaetsya-transportnaya-otrasl-kazakhstana/>
2. <https://take-profit.org/statistics/gdp/kazakhstan/>
3. <https://english.kyodonews.net/news/2023/12/645a321b6360-japan-eyes-fy-2024-nominal-gdp-above-600-tril-yen-faster-income->
4. <https://rosstat.gov.ru/folder/313/document/203214>

«ҚАЗАҚСТАНДА АТ АУДИТІН ДАМУ: ІТ АУДИТ БББ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ»

Сапарбек Ұлжан Диасқызы

Uka.saparbek@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы Евразия Ұлттық Университеті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші- Алибекова Б.А., э.ғ.к., профессор

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасында цифрландыру және инновацияларды енгізу мәселелеріне көп көңіл бөлінуде. Ел басшымыз Қасым-Жомарт Тоқаев, Қазақстанды ІТ-елге айналдыруды алдымыздағы стратегиялық маңызды міндет ретінде айқындап, отандық ІТ-саланың экспорт көлемі ағымдағы жылдың соңына дейін 500 миллион долларға жетуі мүмкін екенін атап өтті [1].

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы және олардың қазіргі қоғамға әсері тұрғысынан жетістіктерді атап қана қоймай, олардың тұрақтылығын, қауіпсіздігі мен тиімділігін қамтамасыз ету мәселелеріне назар аудару қажеттілігі туындады. Ел басшымыз 2025 жылға қарай кемінде 100 мың жоғары білікті ІТ-мамандар даярлау міндетін қойды. [1]

Ақпараттық технологиялар жыл сайын күрделене түседі және үлкен қаржылық ресурстарды, уақытты талап етеді және әрқашан күтілетін тиісті нәтиже бере бермейді. Осыған байланысты ұйымдардағы АТ сенімді ақпаратты жедел алу үшін қолдану тиімділігін, технологияларды игеру процестерін басқару бойынша қабылданған шешімдерді бағалау үшін аудит жүргізу қажет. Осы орайда, жаңа ақпараттық ортадағы аудиттің инновациялық әдістерін игерген заманауи аудиторларды даярлау өзекті болып табылады.

Ақпараттық технологиялық аудитінің мақсаты АТ пайдалану тиімділігін бақылау жүйесін жетілдіру болып табылады.

Аудитті сыртқы аудиторлық ұйымдар да, кәсіпорынның өз мамандарының күштері де жүзеге асыра алады. Сыртқы аудиторлар ат ішкі бақылау жүйесінің сенімділігі мен сәйкестігін тәуелсіз растауға, ал ішкі аудиторлар АТ ішкі бақылау жүйесінің тиімділігін қамтамасыз етуге баса назар аударады.

Жалпы Ақпараттық технологиялық аудит термині- АТ ағымдағы жағдайы туралы жүйеленген және объективті деректерді алу және олардың «үздік тәжірибелерге» сәйкестік дәрежесін бағалау процесін білдіреді. [2]

Ол үшін сыртқы да ішкі де аудиторлар міндетті:

- аудиторлар тәуекелдерді бағалауды жүзеге асыру;

- АЖ ақауларының алдын алуға және жеңілдетуге ықпал ету;
- тәуекелдерді басқаруға қатысу;
- нормативтік құжаттарды дайындауға көмектесу;
- бизнес тәуекелдерін және автоматтандырылған бақылау құралдарын байланыстыруға көмектесу;
- мерзімді тексерулер жүргізуді жүзеге асыру;
- ат менеджерінің басқаруды дұрыс ұйымдастыруына ықпал ету;
- «сырттан қарау» жүзеге асыру.[3]

Ақпараттық технологиялардың қарқынды дамуы және олардың қазіргі бизнестегі рөлін арттыру жағдайында Қазақстан Республикасында IT аудит саласында білікті мамандардың жетіспеушілігі проблемасы туындайды. Бұл мәселе бизнес және мемлекеттік басқару саласындағы ақпараттық жүйелер мен деректердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету контекстінде шешуші болып табылады.

Қазақстанда білікті IT аудиторлардың қажеттілігі кибер-қауіпсіздікке төнетін қатерлер, бизнес-процестерді цифрландырудың қарқынды өсуі және деректерді қорғауға қойылатын талаптардың артуы тұрғысынан өзекті бола түсуде. IT аудит саласындағы тиісті сараптамасы бар кадрлардың жеткіліксіздігі ұйымдарды кибер-қауіптер мен техникалық тәуекелдерге осал қалдыруы мүмкін, бұл өз кезегінде шығынға әкелуі мүмкін. Осыған байланысты, ашық ақпарат көздерінде орналастырылған білім беру бағдарламаларына сүйене отырып, қолданбалы зерттеу жүргізілді.

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде 2018-2019 жылдары IT-аудит эксперименттік білім беру бағдарламасы ашылған болатын.[4] БББ сыни талдау нәтижесінде, бағдарлама ақпараттық-коммуникациялық технологиялар тобына енгендіктен оқыту барысында аудит бағыты қажетті көлемде қамтылмай ақпараттық технология бағытымен шектелгендігі анықталды (1-сурет).

1 курс	2 курс	3 курс	4 курс
• Алгоритмдер теориясы; • Математика 1; • Математика 2; • Алгоритмдер, деректер құрылымы және бағдарламалау;	• Ақпараттық жүйелер теориясы • Бағдарламалық инженерия • Бағдарламалау технологиясы • Дискреттік математика • Рухани жаңғыру • Экология негіздері және тіршілік қауіпсіздігі • Жүйелер теориясы және жүйелік талдау • Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет • Ақпарат теориясы және кодтау әдістері • Операциялық жүйелер • Іскерлік мәдениет • Кәсіпкерлік және бизнес • Цифрлық технологияларды салалар бойынша қолдану • Компьютерлік желілер • Мәліметтер қоры • Іскери риторика	• Клиент серверлік АЖ құру • Объектіге бағытталған программалау • Мәліметтер қорын жобалау • Компьютерлік жүйелердің сәулеті • Сервер инфрақұрылымын жобалау және енгізу • Ақпараттық жүйелерді жобалау • Ақпараттық жүйелердің сәулеті • WEB-технологиялар • Мобильді ақпараттық технологиялар • АТ персоналын басқару • АТ-инфрақұрылымының ақпараттық қауіпсіздігі • АТ аудитінің нормативтік құжаттары мен стандарттары • АЖ сенімділігі	• Заманауи кәсіпорынды ақпараттық басқару • Үлкен деректерді талдау • Бизнес-процестерді оңтайландыру • Бағдарламалық кодты оңтайландыру • Бизнес-процестерді талдау және моделдеу • ERP SAP Корпоративті ақпараттық жүйелер • Кәсіпорынның IT инфрақұрылымын басқару • Ақпараттық жүйелерді әкімшілендіру • Жасанды интеллект және машиналық оқыту • Талдау, тестілеу және түзету қосымшалары • АТ-инфрақұрылымының қауіп-қатерлерін талдау

2-сурет. IT аудит БББ пәндері
Ескерту: Дереккөз [5]

Көріп отырғандарыңыздай, бұл оқыту бағдарламасы ақпараттық технологиялар бағытына көп көңіл берген. Біздің пікірімізше, аудит пен АТ арасында үйлесімдік болуы міндетті түрде қамтамасыз етілуі қажет. АТ-аудитор білікті маман болуы үшін аудитті және оның мәнін жетік білуі қажет. Сондықтан та болуы мүмкін аталған БББ сұраныс болмай, мамандар даярланған жоқ. Осыған орай, бұл бағдарламаны түбегейлі жаңадан қарастырып,

толыққанды АТ аудиторларды даярлауды қолға алу қажет деп есептейміз.

Жаңа БББ-да бухгалтерлік есеп, кәсіпорын қаржысы, аудит негіздері, мемлекеттік аудит, қаржылық есеп, қаржылық бақылау, ішкі аудитті ұйымдастыру пәндері оқытылуы қажет.

Мысал ретінде холдинг «Бәйтерек» алайық. Холдинг «Бәйтерек» Қазақстан Республикасының Үкіметімен жұмыс жасайтын жалғыз акционері болып табылады. Осы холдингтің 25.05.2022 жылы қойылған АТ аудиторының вакансиясын алайық.[6]

Лауазымдық нұсқаулықтан негізгі лауазымдық міндеттер:

- Ішкі аудит қызметінің (бұдан әрі-ІАҚ) жұмысына, сондай-ақ ІАҚ жұмысын регламенттейтін бекітілген ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес ІАҚ-ға жүктелген міндеттер мен функцияларды орындауға қатысу;

- ІАҚ қызметін жоспарлауға және ІАҚ аудиторлық жоспарын орындауға қатысу;

- Бекітілген ІАҚ аудиторлық жоспарына, халықаралық ішкі аудит стандарттарының талаптарына және бекітілген ішкі нормативтік құқықтық актілерге сәйкес ақпараттық технологиялар (бұдан әрі – АТ) және ақпараттық қауіпсіздік (бұдан әрі-АҚ) жүйелерінің тиімділігін тексеру, талдау және (кешенді) бағалау, холдингтің пайдаланылатын ақпараттық жүйелерінің сенімділігін, қауіпсіздігі мен сапасын бағалау бойынша аудиторлық және консультациялық тапсырмалар жүргізу ІАҚ жұмысын реттейтін құжаттармен;

- Бекітілген ІАҚ аудиторлық жоспарына, халықаралық ішкі аудит стандарттарының талаптарына және ІАҚ жұмысын регламенттейтін бекітілген ішкі нормативтік құжаттарға сәйкес аудиторлық және консультациялық тапсырмаларды жүргізуге, АТ және АҚ тәуекелдерін талдауға және бағалауға, холдингтің бизнес-процестерінің ат-бақылауларын тестілеуге қатысу;

- ІАҚ бекітілген аудиторлық жоспарына сәйкес Холдингтің еншілес ұйымдарында) ат-аудит жүргізу;

- Аудиторлық анықтауларды тиісті құжаттауды қамтамасыз ету, тексеру нәтижелері бойынша қорытындыларды ресімдеу, тексеру барысында анықталған барлық елеулі фактілер мен кемшіліктерді көрсету, ат-аудиттер мен бизнес-процестер аудиттерінің нәтижелері бойынша негізделген ұсынымдар әзірлеу және т.с.с.;

Берілген ақпарат бойынша, АТ аудитор Ішкі Аудит Қызметін, Халықаралық аудит стандарттарын, қаржылық есептілікті тексеруді, ішкі бақылау рәсімдерінің тиімділігін бағалауды, тәуекелдерді анықтауды және оларды басқару бойынша ұсыныстар беруді қоса алғанда, аудиттің мақсаттары мен міндеттерін тұтастай түсінуі керек. Бұл оған аудиторлық қызмет шеңберінде шолулар және ақпараттық технологиялар аудитінде тиісті әдістер мен тәсілдерді қолдануға көмектеседі. Осылайша, аудитке байланысты пәндерді игеру аудитордың кәсіби дайындығының маңызды құрамдас бөлігі болып табылады

Қорытындылай келе, АТ аудит жай ғана сән тренді емес, ол қазіргі ұйымдардағы ақпараттық жүйелердің қауіпсіздігін, тиімділігін және тұрақтылығын қамтамасыз етудің ажырамас құралы болып табылады. Технологияның қарқынды дамуы, киберқауіпсіздік қаупінің артуы және деректерді қорғау талаптарының артуы аудитті бизнес үшін маңызды элемент етеді.

Аудиттің тиімді тетіктері осалдықтарды анықтауға, қауіптердің алдын алуға, бизнес-процестерді жақсартуға және стандарттар мен заңнамаға сәйкестікті қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, ұйымдардың тұрақты дамуына ықпал етеді. Сондықтан, ең бастысы, тек инновация, технологияларды енгізіп қана қоймай, оларды қолдана алатын білікті кадрларды дайындауға және оқытуға үлкен көңіл беруіміз қажет.

Қолданылған әдебиеттер

1. [Электрондық ресурc]URL:https://tengrinews.kz/kazakhstan_news/tokaev-postavil-zadachu-prevratit-kazahstan-v-it-stranu-509173/
2. Киль М. Аудит информационных технологий как средство корпоративного управления.
3. В.В. Иванченко, Аудит информационных технологий, МФЮА

4. Итоги круглого стола «Цифровая трансформация Казахстана и роль IT -аудита», Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
5. 6B06108 IT – аудит в ЕНУ им. Л. Н. Гумилева /[Электрондық ресурс]URL:<https://univision.kz/edu-program/385.html>
6. «Бәйтерек» холдингінің вакансия бөлімі/[Электрондықресурс]URL: <https://baiterek.gov.kz/ru/o-kholdinge/>
7. Методика проведения аудита информационных систем в дочерних и зависимых организациях АО «Самрук-Казына»/[Электронный ресурс] URL:<https://sk.kz/upload/iblock/33d/33d6d6158e36dbca8b170cf0924b83fb.pdf>

УДК 336.051

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕРДІҢ АУДИТІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Серікқызы Талшын

talshynserikova@mail.ru


«Мемлекеттік аудит» БББ 3 курс студенті

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – А.К.Жахметова

Мемлекеттік аудит саласында кез келген кәсіпорынның қаржылық жай-күйін бағалау кезінде оның қаржылық есептілігі маңызды рөл атқарады. «Қазақтелеком» АҚ активтері бойынша қаржылық есептілігін талдау арқылы кәсіпорынның активтеріне қатысты мәселелерін қарастыруға болады. «Қазақтелеком» АҚ 2022 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігі мәліметтерін пайдалана отырып айналым және айналымнан тыс активтерінің көрсеткіштерін талдау, салыстыру арқылы кәсіпорынның экономикалық жағдайын анықтау және тиімділігіне баға беріп, сондай-ақ еліміздің экономикасындағы рөлін анықтай аламыз. Осы орайда, кәсіпорынды үйлесімді басқару, маңызды қаржылық шешімдер қабылдау үшін қаржылық жағдайын талдау және қаржылық есептілікті халықаралық стандарттарға сәйкес жасау маңызды мәселе болып табылады.

Ұзақ мерзімді активтер аудитінің мақсаты қаржылық есептілікте көрсетілген ұзақ мерзімді активтер туралы ақпараттың дұрыстығы мен толықтығы туралы аудиторлық пікірді қалыптастыру болып табылады. Ұзақ мерзімді активтер аудиті кезінде мемлекеттік аудитор бірнеше құжаттарға негізделі отырып, аудит жүргізеді. (1-сурет) [1]



Сурет 1. Ұзақ мерзімді активтер аудиті кезінде мемлекеттік аудитор негізделетін НҚА тізімі